«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Ақмола облыстық филиалы	22.06.2006	Қазақстан Республикасы, C00G1B1 (020000), Ақмола облысы, Көкшетау қ., 8 марта к-сі, 51
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Ақтөбе	29.12.2004	Қазақстан Республикасы, D00M1F5 (030012), Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ.,

облыстық филиалы		Ә. Молдағұлова даңғ., 46Б
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Алматы облыстық филиалы	21.06.2006	Қазақстан Республикасы, В01G6D5 (040008), Алматы облысы, Талдықорған қ., М.Толбаев к-сі, 86
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Атырау облыстық филиалы	03.03.2006	Қазақстан Республикасы, E04B6A6 (060007), Атырау облысы, Атырау қ., Абай к-сі, 15А/1
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Батыс-Қазақстан облыстық филиалы	07.03.2006	Қазақстан Республикасы, L02E5X4 (090000), Батыс-Қазақстан облысы, Орал қ., М. Маметова к-сі, 111
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Жамбыл облыстық филиалы	15.11.2005	Қазақстан Республикасы, H01E4M4 (080000), Жамбыл облысы, Тараз қ., Жамбыл даңғ., 9Б
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Қарағанды облыстық филиалы	01.09.2005	Қазақстан Республикасы, M01M8B7 (100009), Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы аудан, Ермеков к-сі, 54, т.ү. 1
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Қостанай облыстық филиалы	08.08.2005	Қазақстан Республикасы, P00F8C8 (110000), Қостанай облысы, Қостанай қ., әл-Фараби даңғ., 67
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Қызылордадағы филиалы	11.03.2015	Қазақстан Республикасы, N01T7A5, Қызылорда облысы, Қызылорда қ., Байтұрсынов к-сі, 122
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Маңғыстау облыстық филиалы	15.11.2005	Қазақстан Республикасы, R00A3M2 (130000), Маңғыстау облысы, Ақтау қ., 11 ықш/ауд., 60
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Оңтүстік-Қазақстан облыстық филиалы	13.01.2005	Қазақстан Республикасы, X09C2D0, Оңтүстік-Қазақстан облысы, Шымкент қ., К.Рысқұлбеков к-сі, 3Г
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Павлодар облыстық филиалы	30.12.2004	Қазақстан Республикасы, S03A7K0 (140003), Павлодар облысы, Павлодар қ., Абай к-сі, 75
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Солтүстік-Қазақстан облыстық филиалы	20.12.2005	Қазақстан Республикасы, T01H0A4 (150008), Солтүстік-Қазақстан облысы, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 28
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Шығыс-Қазақстан облыстық филиалы	04.03.2005	Қазақстан Республикасы, F02B1E4, Шығыс-Қазақстан облысы, Өскемен қ., Головкин к-сі, 25/1
«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамының Семей қаласындағы филиалы	11.06.2008	Қазақстан Республикасы, F17X8F6, Шығыс-Қазақстан облысы, Семей қ., Чайжунусов к-сі, 152А

Банктің өкілдіктері жоқ.



2. Егер эмитенттің нақты мекенжайы Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тізіліміне енгізілген мекенжайдан ерекшеленген жағдайда, эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірін, байланыс телефондарының, факстың нөмірлерін және электрондық почта мекенжайын, сондай-ақ нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің орналасқан жері:

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің орналасқан жері	Қазақстан, Алматы қ., Алмалы ауд., Абылай хан даңғ., 91 үй, пошталық индексі А05А2Х0
Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі	030740001404
Байланыс телефондарының нөмірлері	+7 727 279-35-11
Факс нөмірі	+7 727 279-35-68
Электронды поштасының мекенжайы	<a href="mailto:mail@hcsbk.kz">mail@hcsbk.kz</a>

3. Егер эмитент қаржы агенттігі болса, 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес қаржы агенттігі ретінде белгілі бір экономика салаларында мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға уәкілетті болатын құжат туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қарашадағы №1844 қаулысына сәйкес, Банк қаржы агенттігі болып табылады. міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етудің бөлінетін Республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер.

4. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингілерінің болуы туралы мәліметтер.

2017 жылғы 20 сәуірдегі Fitch Ratings кредиттік қорытындысына сәйкес:

Ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді Эмитент дефолтының (ЭДР) рейтингі	BBB-	«Тұрақты» болжамы
Ұлттық валютадағы қысқа мерзімді ЭДР	F3	«Тұрақты» болжамы

2017 жылғы 28 шілдедегі Moody's Investors Service кредиттік қорытындысына сәйкес:

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша ұзақ мерзімді рейтинг:	Baa3	«Тұрақты» болжамы
Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша қысқа мерзімді рейтинг:	Prime-3	«Тұрақты» болжамы
Төлем қабілеттілігінің базалық бағалауы (BCA)	Ba2	«Тұрақты» болжамы

Эмитенттің оған немесе ол шығарған бағалы қағаздарға Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингісі жоқ

**2-тарау. Эмитенттің ірі акционерлері немесе ірі қатысушылары, эмитенттің органдары, сондай-ақ, эмитенттің үлестес тұлғалары**

**5. Олардың әрқайсысы туралы мынадай мәліметтерді көрсете отырып, эмитенттің ірі акционерлері (акционерлік қоғам болып табылатын эмитент үшін) немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 10 (он) немесе одан астам пайызына ие эмитенттің қатысушылары (бұдан әрі - ірі қатысушы):**

**ірі акционердің немесе ірі қатысушының тегі, аты әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлға үшін);**

**ірі акционердің немесе ірі қатысушының толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін);**

**ірі акционерге немесе ірі қатысушыға тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;**

**ірі акционер немесе ірі қатысушы дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 10 (он) және одан астам пайызына ие бола бастаған күні;**

Ірі акционердің толық атауы, орналасқан жері	Эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың жалпы санына ірі акционерге тиесілі эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың пайыздық арақатынасы;	Эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың 10 (он)және одан көп пайыздарын ірі акционердің ие бол бастаған күн
<p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы</p> <p><b>Орналасқан жері:</b> Қазақстан Республикасы, Астана қ., Z05H9E8, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев к-сі, 8 үй, Б блогы</p>	<p>100% (7 830 000 жай акциялар)</p>	<p>2013ж. 28 тамыз</p>

**6. Эмитенттің органдары.**

**1) эмитенттің директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі:**

**эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің төрағасының және мүшелерінің әрқайсысының (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);**

**эмитенттің директорлар кеңесі немесе бақылау кеңесі мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы лауазымы, оның ішінде қоса атқарған және олардың қызметтеріне кірісу күні;**

**эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының пайыздық арақатынасы немесе эмитенттің бақылау кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы;**

**еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің немесе бақылау кеңесінің мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) жалпы санына пайыздық арақатынасы.**

<p>Төрайымның және директорлар кеңесі мүшелерінің (директорлар кеңесіндегі тәуелсіз директорды (директорларды) көрсете отырып) әрқайсысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)</p>	<p>Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы лауазымы, оның ішінде қоса атқарған және олардың қызметтеріне кірісу күні</p>	<p>Эмитенттің директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысына тиесілі эмитенттің дауыс беруші акцияларының эмитенттің жарғылық капиталындағы дауыс беруші акциялардың жалпы санына пайыздық арақатынасы</p>	<p>Еншілес және тәуелді ұйымдарда эмитенттің директорлар кеңесінің мүшелеріне тиесілі дауыс берілетін акциялардың осы ұйымдарда орналастырылған акциялардың жалпы санына пайыздық қатынасы</p>
<p>Досаев Ерболат Аскарбекович Банктің Директорлар кеңесінің Төрағасы</p>	<p>04.10.2012ж. - 17.05.2016ж.: «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 04.10.2012ж.</p> <p>16.01.2013ж. - 05.08.2014ж.: Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Астана қ., Министр. Қызметке кірісу күні: 16.01.2013ж.</p> <p>25.06.2013ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі, Қызметке кірісу күні: 25.06.2013ж.</p> <p>30.12.2013ж. - 28.06.2016ж.: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Басқарма мүшесі. Қызметке кірісу күні: 30.12.2013ж.</p> <p>06.08.2014ж. - 05.05.2016ж.: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, Астана қ. Министр. Қызметке кірісу күні: 06.08.2014ж.</p> <p>12.05.2016ж. - 28.08.2017ж.: «Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Басқарма Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 12.05.2016ж.</p> <p>19.05.2016ж. - 20.05.2016ж.: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 19.05.2016ж.</p> <p>20.05.2016ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 20.05.2016ж.</p> <p>01.06.2016ж. - 30.06.2016ж.: «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p>	<p>0,00%</p>	<p>0,00%</p>

	<p>Қызметке кірісу күні: 01.06.2016ж.</p> <p>01.06.2016ж. - 10.07.2016ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 01.06.2016ж.</p> <p>01.06.2016ж. - 11.07.2016ж.: «КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру компаниясы» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 01.06.2016ж.</p> <p>01.06.2016ж. - 12.07.2016ж.: «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 01.06.2016ж.</p> <p>01.07.2016ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазына Капитал Менеджменті» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 01.07.2016ж.</p> <p>11.07.2016ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 11.07.2016ж.</p> <p>12.07.2016ж. - қазіргі уақыт аралығында: «KazakhExport» ЭСК» АҚ («КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ 30.03.2017ж. «KazakhExport» ЭСК» АҚ болып қайта құрылған), Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 12.07.2016ж.</p> <p>13.07.2016ж. - 17.01.2017ж.: «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 13.07.2016ж.</p> <p>29.08.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары. Қызметке кірісу күні: 29.08.2017ж.</p> <p>28.09.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының мүшесі Қызметке кірісу күні: 28.09.2017 ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>		
<b>Ибрагимова</b>	17.08.2009ж. - 03.02.2016ж.:	0,00%	0,00%

<p><b>Ляззат Еркеновна</b> Директорлар кеңесінің мүшесі, Банк Басқармасының Төрайымы</p>	<p>«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрайымы, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 17.08.2009ж.</p> <p>04.11.2011ж. - 04.08.2016ж.: «Холдинг Кәсіпқор» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор. Қызметке кірісу күні: 04.11.2011ж.</p> <p>03.02.2016ж. - 23.01.2017ж.: «Бәйтерек" Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары, Қызметке кірісу күні: 03.02.2016ж.</p> <p>04.02.2016ж. – 07.02.2017ж.: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 04.02.2016ж.</p> <p>04.02.2016ж. – 07.02.2017ж.: «КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, Директорлар Кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 04.02.2016 ж.</p> <p>04.02.2016 ж. – 07.02.2017ж.: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 04.02.2016ж.</p> <p>12.02.2016ж. - 07.02.2017ж.: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрайымы. Қызметке кірісу күні: 12.02.2016 ж.</p> <p>25.02.2016ж. - 07.02.2017ж.: «КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, Директорлар Кеңесінің Төрайымы. Қызметке кірісу күні: 25.02.2016ж.</p> <p>23.01.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма Төрайымы. Қызметке кірісу күні: 23.01.2017 ж.</p> <p>01.02.2017 ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар Кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 01.02.2017 ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>		
--	---	--	--

<p><b>Арифханов Айдар Абдразахович</b> Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>	<p>23.05.2011ж. - 31.08.2015ж.: «Қазатомпром» Ұлттық акционерлік компаниясы» АҚ, Басқарма Төрайымының орынбасары Қызметке кірісу күні: 23.05.2011ж.</p> <p>01.09.2015ж. - 16.11.2015ж.: «Қазатомпром» Ұлттық акционерлік компаниясы» АҚ, Экономика және қаржы жөніндегі Бас директор. Қызметке кірісу күні: 01.09.2015ж.</p> <p>16.11.2015ж. - 19.01.2017ж.: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Вице - министр. Қызметке кірісу күні: 16.11.2015ж.</p> <p>23.01.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары . Қызметке кірісу күні: 23.01.2017ж.</p> <p>01.02.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның Ипотекалық Компаниясы» Ипотекалық ұйымы» АҚ , Директорлар кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 01.02.2017ж.</p> <p>01.02.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар Кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 01.02.2017ж.</p> <p>08.02.2017ж. – қазіргі уақыт аралығында: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Директорлар Кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 08.02.2017ж.</p> <p>08.02.2017ж. – қазіргі уақыт аралығында: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Директорлар Кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 08.02.2017ж.</p> <p>08.02.2017ж. – қазіргі уақыт аралығында: «KazakhExport» ЭСК» АҚ («КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ 30.03.2017ж. «KazakhExport» ЭСК» АҚ болып қайта құрылған), Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 08.02.2016ж.</p> <p>24.02.2017г. – қазіргі уақыт аралығында: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Директорлар Кеңесінің Төрағасы. Қызметке кірісу күні: 24.02.2017ж. Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	<p>0,00%</p>	<p>0,00%</p>
---	---	--------------	--------------

<p><b>Ибрашев Мирас Бауыржанович</b> Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор</p>	<p>02.08.2010 ж.- 31.12.2015ж.: «САРЫ-АРКА КОМПАНИ» ЖШС, Бас директордың орынбасары. Қызметке кірісу күні: 02.08.2010 ж.</p> <p>01.10.2010ж. – 28.02.2013ж.: «Гранд АБ Групп» ЖШС, Басқарушы директор. Қызметке кірісу күні: 01.10.2010ж.</p> <p>01.02.2013ж. – қазіргі уақыт аралығында: «Astana Trans Group» ЖШС, Бас директордың орынбасары Қызметке кірісу күні:01.02.2013ж.</p> <p>04.07.2013ж. – қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор. Қызметке кірісу күні: 04.07.2013ж. (қоса атқаруы бойынша).</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	<p>0,00%</p>	<p>0,00%</p>
<p><b>Барунин Александр Анатольевич</b> Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор</p>	<p>01.01.2013ж. – қазіргі уақыт аралығында: «МегаФон» көпшілік акционерлік қоғамы, Жоспарлау, басқарушылық есептілік және қаржы бақылауы жөніндегі басшы. Қызметке кірісу күні: 01.01.2013ж.</p> <p>03.12.2013ж. – қазіргі уақыт аралығында: «Мегафон Интернэшнл» ЖАҚ, Бас директор (қоса атқаруы бойынша). Қызметке кірісу күні: 03.12.2013ж.</p> <p>14.12.2015ж. – қазіргі уақыт аралығында: «ОСТЕЛЕКОМ» ЖАҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі (қоса атқаруы бойынша). Қызметке кірісу күні: 14.12.2015ж.</p> <p>18.12.2015г. – қазіргі уақыт аралығында: «АКВАФОН - GSM» ЖАҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі (қоса атқаруы бойынша). Қызметке кірісу күні: 18.12.2015ж.</p> <p>13.04.2016г. – қазіргі уақыт аралығында: «МегаФон Финанс» ШЖҚ, Бас директор (қоса атқаруы бойынша). Қызметке кірісу күні: 13.04.2016ж.</p> <p>13.09.2016ж. – қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар Кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор (қоса атқаруы бойынша). Қызметке кірісу күні: 13.09.2016ж.</p>	<p>0,00%</p>	<p>0,00%</p>

	Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.		
--	--	--	--

**2) эмитенттің алқалы немесе жеке-дара атқарушы органы:**

эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының, оның ішінде эмитенттің алқалы атқарушы органы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаның немесе эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы лауазымдары (өкілеттіктерін және олардың лауазымдарына кірісу күнін көрсете отырып), оның ішінде осы тұлғаның (осы тұлғалардың) қоса атқарып отырған қазіргі лауазымдары;

эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаға немесе эмитенттің алқалы атқарушы органының мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы.

Эмитенттің алқалы атқарушы органы – Басқарма.

Эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының, оның ішінде, эмитенттің алқалы атқарушы органы басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаның немесе эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы лауазымдары, оның ішінде осы тұлғаның қоса атқарып отырған қазіргі лауазымдары	эмитенттің алқалы атқарушы органының мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе жарғылық капиталға қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;
<p><b>Ибрагимова Ляззат Еркеновна</b> Банктің Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрайымы</p>	<p>17.08.2009ж. - 03.02.2016ж.: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрайымы, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 17.08.2009ж.</p> <p>04.11.2011ж. - 04.08.2016ж.: «Холдинг Кәсіпқор» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор. Қызметке кірісу күні: 04.11.2011ж.</p> <p>03.02.2016ж. - 23.01.2017ж.: "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, Басқарма Төрағасының орынбасары. Қызметке кірісу күні: 03.02.2016 ж.</p> <p>04.02.2016ж.- 07.02.2017 ж.: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі.</p>	<p>0,00%</p>



	<p>Қызметке кірісу күні: 04.02.2016ж.</p> <p>04.02.2016ж. – 07.02.2017 ж.: «КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 04.02.2016ж.</p> <p>04.02.2016ж. – 07.02.2017 ж.: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 04.02.2016ж.</p> <p>12.02.2016ж. - 07.02.2017 ж.: «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрайымы. Қызметке кірісу күні: 12.02.2016ж.</p> <p>25.02.2016ж. - 07.02.2017 ж.: «КазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ, Директорлар кеңесінің Төрайымы. Қызметке кірісу күні: 25.02.2016ж.</p> <p>23.01.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма Төрайымы. Қызметке кірісу күні: 23.01.2017ж.</p> <p>01.02.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Директорлар кеңесінің мүшесі. Қызметке кірісу күні: 01.02.2017ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	
<p><b>Жубаниязова Жанар Адилбековна</b> Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары</p>	<p>02.07.2014ж. - 19.02.2017ж.: «Еуразиялық банк» АҚ, Басқарушы директор – Кросс сату департаментінің директоры. Қызметке кірісу күні: 02.07.2014ж.</p> <p>20.02.2017ж. - 14.04.2017ж.: «Еуразиялық банк» АҚ, Басқарушы директор – Шағын және орта бизнес департаментінің директоры. Қызметке кірісу күні: 20.02.2017ж.</p> <p>17.04.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма мүшесі – Басқарма Төрайымының дамыту жөніндегі орынбасары. Қызметке кірісу күні: 17.04.2017ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	0,00%
<p><b>Алимова Куралай Нурдаулетовна</b> Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары</p>	<p>01.10.2010ж. – 02.11.2015ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Бас Комплаенс - бақылаушы. Қызметке кірісу күні: 01.10.2010ж.</p>	0,00%

	<p>02.11.2015ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма мүшесі – Басқарма Төрайымының бизнес жөніндегі орынбасары. Қызметке кірісу күні: 02.11.2015ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	
<p><b>Кожанбаев Адлет Нурсағатович</b> Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары</p>	<p>18.02.2014 ж. – 17.02.2016 ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Операциялық департаменттің директоры. Қызметке кірісу күні: 18.02.2014ж.</p> <p>18.02.2016ж. – 12.02.2017ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарушы директор. Қызметке кірісу күні: 18.02.2016ж.</p> <p>13.02.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма мүшесі –Басқарма Төрайымының ақпараттық технология жөніндегі орынбасары. Қызметке кірісу күні: 13.02.2017ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	0,00%
<p><b>Енкебаев Досым Кобейулы</b> Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары</p>	<p>21.04.2014ж.– 08.07.2014ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау басқармасының қаржылық, экономикалық, құқықтық, дағдарысқа қарсы мәселелері бойынша кеңесші. Қызметке кірісу күні: 21.04.2014ж.</p> <p>09.07.2014ж.– 22.09.2015ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарушы директор. Қызметке кірісу күні: 09.07.2014ж.</p> <p>22.09.2015ж.– 31.01.2016ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарушы директор (Кредит комитеті Төрағасының орынбасары). Қызметке кірісу күні: 22.09.2015ж.</p> <p>01.02.2016ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма Төрайымының тәуекел және ішкі бақылау жөніндегі орынбасары. Қызметке кірісу күні: 01.02.2016ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	0,00%
<p><b>Айдарбекова Алия Каратаевна</b> Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары</p>	<p>17.11.2014ж. - 17.03.2017ж.: «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, Басқарма мүшесі – Басқарма Төрайымының орынбасары. Қызметке кірісу күні: 17.11.2014ж.</p> <p>17.04.2017ж. - 29.06.2017ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ,</p>	0,00%

	<p>Басқарма мүшесі – Басқарма Төрайымының орынбасары. Қызметке кірісу күні: 17.04.2017ж.</p> <p>30.06.2017ж. - 17.09.2017ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарушы директор. Қызметке кірісу күні: 30.06.2017ж.</p> <p>18.09.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма мүшесі –Басқарма Төрайымының қаржы және есептілік жөніндегі орынбасары Қызметке кірісу күні: 18.09.2017ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	
<p><b>Бейсембаев Мирас Берикович</b> Банк Басқармасы Төрайымының орынбасары</p>	<p>27.09.2012ж. – 26.02.2015ж.: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Басқарушы директор – Басқарма мүшесі. Қызметке кірісу күні: 27.09.2012ж.</p> <p>27.02.2015ж. – 16.04.2017ж.: «Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, Басқарма Төрайымының орынбасары – Басқарма мүшесі. Қызметке кірісу күні: 27.02.2015ж.</p> <p>17.04.2017ж. – 22.06.2017ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма мүшесі - Басқарма Төрайымының орынбасары. Қызметке кірісу күні: 17.04.2017ж.</p> <p>23.06.2017ж. – 10.09.2017ж.: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарушы директор. Қызметке кірісу күні: 23.06.2017ж.</p> <p>11.09.2017ж. - қазіргі уақыт аралығында: «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, Басқарма мүшесі – Басқарма Төрайымының қауіпсіздік және әкімшілік-шаруашылық қызметтері жөніндегі орынбасары. Қызметке кірісу күні: 11.09.2017ж.</p> <p>Басқа лауазымдарды, соның ішінде, қоса атқаратын лауазымдарға ие болмаған және иеленбейді.</p>	0,00%

### **Банк Басқармасы мүшелерінің өкілеттіктері:**

**1. Басқарма Төрайымы Ибрагимова Ляззат Еркеновна** Банк қызметіне жалпы басшылық жасайды, Банк Басқармасының отырыстарын өткізеді, Банктің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысады, Банк қызметінің мәселелері бойынша жедел және атқару-басқару шешімдерін қабылдайды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарында, халықаралық және басқа ұйымдарда Банктің өкілі болады, бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынасқа жалпы басшылық жасайды.

Банк Басқармасының Төрайымы келіссөздер жүргізуге, шешімдер қабылдауға, бұйрықтар, өкімдер шығаруға, шарттар (келісім-шарттар, келісімдер) жасауға, сенімхаттар беруге, Жалғыз акционерге, Банктің Директорлар кеңесіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне берілетін есептерге

және ақпаратқа қол қоюға және Банк қызметінің мәселелері бойынша Банк Жарғысында белгіленген өкілеттіктер шегінде басқа құжаттарға қол қоюға құқылы.

Банк Басқармасының Төрайымы жұмыстарды тікелей бақылауды және оларды үйлестіруді жүзеге асырады:

- Мемлекеттік бағдарламалар мен құрылыс жобаларын іске асыру департаменті (МБҚЖД);

- Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаменті (ҚЖД);

- Заң департаменті (ЗД);

- Кеңесшілер;

- Басқарушы директорлар.

**Жалғыз акционермен және Банктің Директорлар Кеңесімен қарым-қатынас жұмыстарын басқаруды жүзеге асырады.**

Банк Басқармасының Төрайымы:

1) Банктің кадр саясатын белгілеу, Банк қызметкерлерінің стратегиялық дамуын, Банк қызметкерлерін тағайындау, моральдық ынталандыру және тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану мәселелерін қарастырады;

2) Банктің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өтініштерді, ұсынымдарды қарастырады және тағайындау, ауыстыру, босату, тәртіпке салу шараларын қолдану туралы бұйрықтарға қол қояды, Басқарма мүшелерімен, Басқарма Төрайымының орынбасарларымен, Бас комплаенс-бақылаушымен, Корпоративтік хатшымен, Ішкі аудит департаментінің қызметкерлерімен жасалған еңбек шарттарына, олардың қосымша келісіміне және оларды бұзу туралы келісімге қол қояды;

3) тағайындау, ауыстыру, босату туралы өтініштерді, ұсынымдарды қарастырады, орталық аппаратта – Басқарушы директорлармен, кеңесшілермен, департамент директорларымен және олардың орынбасарларымен, дербес басқарма бастықтарымен және Банктің филиалдарының директорларымен және олардың орынбасарларымен жасалған еңбек шарттарына, олардың қосымша келісімдеріне және оларды бұзу туралы келісімдерге қол қояды;

4) материалдарды қарастырады және Банктің Орталық аппаратының қызметкерлеріне, Банк филиалдарында – директорларға және олардың орынбасарларына лауазымдық еңбекақы тағайындау туралы бұйрықтарға қол қояды;

5) Банктің Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес Басқарма мүшелеріне, Банктің Басқармасы Төрайымының орынбасарларына жыл қорытындысы бойынша сыйақы төлеу, бас комплаенс-бақылаушыға, корпоративтік хатшыға және Ішкі аудит департаменті қызметкерлеріне, сондай-ақ басқарушы директорларға және бас бухгалтерге токсандық сыйлықақы беру туралы бұйрықтарға қол қояды;

6) Банк қызметкерлеріне (Банк филиалдары қызметкерлерінен басқа) олардың есептік кезеңдегі қызметтерінің нәтижесі бойынша бір жолғы сыйлықақы беру және токсандық сыйлықақы беру туралы, сондай-ақ Банк филиалдарының қызметкерлеріне ай сайынғы төлем туралы қызметтік жазбаларды қарастырады және бұйрықтарға қол қояды;

7) Басқарма мүшелерінің, Банктің Басқармасы Төрайымының орынбасарының, бас комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының, басқарушы директордың демалыс кестелерін бекітеді;

8) Басқарма мүшелеріне, Банк Басқармасы Төрайымының орынбасарларына, бас комплаенс-бақылаушыға, корпоративтік хатшыға, басқарушы директорларға демалыс беру туралы өтініштерді қарастырады;

9) Банктің Орталық аппаратының қызметкерлеріне, филиалдардың директорларына тәртіптік жаза қолдану туралы ұсыныстарды қарастырады;

10) Басқарма мүшелерінің, Банк Басқармасының Төрайымы орынбасарларының, бас комплаенс-бақылаушының, корпоративтік хатшының, Ішкі аудит департаменті директорының, Басқарушы директорлардың еңбек жағдайларының өзгеруі туралы хабарламаларды қарастырады және қол қояды;

11) Банктің Орталық аппараты қызметкерлерінің және филиалдардың директорлары мен олардың орынбасарларының еңбек жағдайларының өзгеруі туралы қызметтік жазбаларды қарастырады және қол қояды;

12) еңбек қауіпсіздігі және қорғау, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар, өрт қауіпсіздігі, жұмылдырылған дайындық шаралары бойынша мәселелерді қарастырады және бұйрықтарға қол қояды;

13) орталық мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынасы бойынша жұмыстарды үйлестіреді;

14) атқарушы құжаттарды орындау талаптары туралы жеке сот орындаушыларымен келісім жасайды, өзгертеді, бұзады.

**2. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының қаржы және есептілік жөніндегі орынбасары Айдарбекова Алия Каратаевна** «Басқарма мүшелерінің (Банктің Басқарма Төрайымы және Басқарма Төрайымының орынбасарлары) арасындағы міндеттерді бөлу туралы» 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №294 бұйрықтың (әрі қарай-Бұйрық) Қосымшасына сәйкес бөлімшелердің қызметтерін ұйымдастырады және үйлестіреді, қазынашылық, бухгалтерлік есепке алу, жиынтық есептілік саласындағы қызметтерді ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, тікелей бақылауды жүзеге асырады және жұмыстарды жетекшілік етеді:

- **Қазынашылық департаменті (ҚД);**

- **Бухгалтерлік есепке алу департаменті (БЕД);**

- **Жиынтық есептілік департаменті (ЖЕД).**

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының орынбасары өз құзыретінің аясында Банктің атынан:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің бюджетіне, сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шартты жасауға, өзгертуге және бұзуға, шоттарды, шот-фактураны, тауарларды, орындалған жұмыстарды, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актісін бекітуге/қол қоюға;

2) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен сатып алу мәні емес немесе Банк шығыстарына апаратын/апармайтын мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер), жасауға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті әрекеттерді іске асыруға;

3) ақылы қызмет көрсету шарттарын жасауға, өзгертуге, бұзуға, сондай-ақ жетекшілік етуші бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актілеріне қол қоюға (бекітуге);

4) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес клиенттердің шоттарын енгізу құқығынсыз бағалы қағаздар нарығында дилерлік қызметтерді ұйымдастыруға;

5) жасалған шарттар (келісім-шарттар, келісімдер) негізіндегі ақы төлеу құжаттарын қарастыруға және жеткізіп берушілер берген шоттар бойынша ақы төлем жөнінде шешім қабылдауға, Банктің барлық бөлімшелерінің Банк сатып алатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер ақысын төлеуге төлем құжаттарына қол қоюға;

6) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығына, Жалғыз акционердің, «Самұрық-Қазына» Ұлттық қауіпсіздік қоры» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ, «Қазақстанның депозиттерді кепілдендіру қоры» АҚ, «Қазақстанның қор биржасы» АҚ, «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ, «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ және екінші деңгейлі банктерге жолданатын актілерге, сұратуларға, хаттарға, сауалдарға жауапқа, есептерге қол қоюға;

7) Банк қызметкерлерінің іссапарға шығуына аванс беру есебіне қол қоюға;

9) Банк қызметкерлерінің аванстық есебін бекітуге;

10) Банктің Орталық аппараты қызметкерлерінің жеке және заңды тұлғалардан мүлік алу сенімхаттарына қол қоюға;

11) декларацияларға және бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша аванстық есептер/ағымдағы төлемдерге қол қоюға құқылы.

**3. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының бизнес жөніндегі орынбасары Алимова Куралай Нурдаулетовна** Бұйрықтың Қосымшасына сәйкес бөлімшелердің қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді, банктік өнімдерді сату бойынша жоспарлы көрсеткіштерді орындауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ, бизнес-үдерістермен байланысты қамтамасыз етулер үшін жауапкершілік алады, өңірлік дамыту және сату, байланыс орталығын, Банк филиалдарының қызметтерін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асырады, Банктің серіктестерімен жетекшілік

етуші мәселер бойынша өзара әрекеттестіктерін үйлестіреді, жетекшілік етуші бөлімшелер бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, төмендегілерді тікелей бақылауды жүзеге асырады және жұмыстарына жетекшілік етеді:

- Сату және өңірлік дамыту департаменті (СӨДД);
- Байланыс орталығы департаменті (ДКЦ);
- негізгі қызметтер мәселелері бойынша Банк филиалдары.

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының орынбасары өз құзыретінің аясында Банктің атынан:

- 1) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен сатып алу мәні емес немесе Банк шығыстарына апаратын/апармайтын мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер), жасауға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті әрекеттерді іске асыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің бюджетіне, сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шартты жасауға, өзгертуге және бұзуға, шоттарды, шот-фактураны, тауарларды, орындалған жұмыстарды, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актісін бекітуге/қол қоюға;
- 3) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік, соның ішінде, құқық қорғау органдары және мекемелерге, Банктің Жалғыз акционеріне жіберілетін сұратуларға, хаттарға, сұрату жауаптарына, есептерге қол қоюға;
- 4) заемышының хаттарына, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жауаптарға қол қоюға,
- 5) Банк филиалдарының директорларына және олардың орынбасарларына демалыс беру өтініштерін қарастыруға және келісуге;
- 6) ақылы қызмет көрсету шарттарын жасауға, өзгертуге, бұзуға, сондай-ақ, жетекшілік етуші бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актілерге қол қоюға (бекітуге) құқылы.

**4. Басқарма мүшелері, Басқарма Төрайымының тәуекелдер және ішкі бақылау жөніндегі орынбасары Енкебаев Досым Кобейулы** Бұйрықтың Қосымшасына сәйкес бөлімшелердің қызметін ұйымдастырады және үйлестіреді, корпоративтік басқарманың, тәуекел-менеджмент бөлімшелердің, ішкі бақылаудың, ситуациялық мониторингтің, құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау қызметтерін ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады, сақтандыру, бағалау компанияларымен жетекшілік ету мәселелері бойынша өзара әрекеттестікті үйлестіреді, сондай-ақ, жетекшілік етуші бөлімшелер бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, төмендегілерді тікелей бақылауды жүзеге асырады және жұмыстарына жетекшілік етеді:

- Тәуекел менеджмент департаменті (ТМД);
- Ішкі бақылау департаменті (ІБД);
- Ситуациялық мониторинг департаменті (СМД);
- Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау департаменті (ҚҚБД).

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының орынбасары өз құзыретінің аясында Банктің атынан:

- 1) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен сатып алу мәні емес немесе Банк шығыстарына апаратын/апармайтын мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер), жасауға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті әрекеттерді іске асыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің бюджетіне, сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шартты жасауға, өзгертуге және бұзуға, шоттарды, шот-фактураны, тауарларды, орындалған жұмыстарды, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актісін бекітуге/қол қоюға;
- 3) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік, соның ішінде, құқық қорғау органдары және мекемелерге, Банктің Жалғыз акционеріне жіберілетін сұратуларға, хаттарға, сұрату жауаптарына, есептерге қол қоюға;
- 4) бизнес-үдерістерге байланысты ұйымдық құрылымды оңтайландыру жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, Банктің корпоративтік басқармасы мәселелеріне қатысты жұмыстарды үйлестіруге;
- 5) корпоративтік хатшының жұмыстарын үйлестіруге;

- 6) ақылы қызмет көрсету шарттарын жасауға, өзгертуге, бұзуға, сондай-ақ, жетекшілік етуші бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актілеріне қол қоюға (бекітуге);
- 7) Банк бөлімшелері әрі қарай орындау үшін клиенттердің жүгінулерін талдау нәтижелері бойынша Банк бөлімшелеріне ұсынуларды келісуге;
- 8) жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жазылған жауаптарға қол қоюға;
- 9) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмыстарды үйлестіруге құқылы.

**5. Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының қауіпсіздік және әкімшілік-шаруашылық қызметтері жөніндегі орынбасары Бейсембаев Мирас Берикович** Бұйрықтың Қосымшасына сәйкес бөлімшелердің қызметтерін үйлестіруді жүзеге асырады, әкімшілік қызметтер, сатып алу саласындағы Банктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді ұйымдастыруды және үйлестіруді жүзеге асырады, Банктің Орталық аппараты мен филиалдары үшін орталықтандырылған тәртіппен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді, соның ішінде, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша төмендегілерді тікелей бақылауды жүзеге асырады және жұмыстарына жетекшілік етеді:

- Әкімшілік департаменті (ӘД);
- Сатып алу департаменті (СД);
- Қауіпсіздік департаменті (ҚД).

Басқарма Төрайымының орынбасары сатып алу мәселелері бойынша есептіліктің берілуіне жауапты болып табылады, белгіленген мерзімдерге, белгіленген Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банктің сатып алу мәселесі жөніндегі есептілігінің дұрыстылығына, нақтылығына және уақтылы берілуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Басқарма мүшесі, Басқарма Төрайымының орынбасары өз құзыретінің аясында Банктің атынан:

- 1) заңнамаға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен сатып алу мәні емес немесе Банк шығыстарына апаратын/апармайтын мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар, келісімдер), жасауға, өзгертуге және бұзуға, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша осындай мәмілелерді жасау бойынша қажетті әрекеттерді іске асыруға;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің бюджетіне, сатып алу жоспарына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу туралы шартты жасауға, өзгертуге және бұзуға, шоттарды, шот-фактураны, тауарларды, орындалған жұмыстарды, жетекшілік ететін бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актісін, жобалық-сметалық құжаттамаларды бекітуге/қол қоюға;
- 3) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына, уәкілетті мемлекеттік, соның ішінде, құқық қорғау органдары және мекемелерге, Банктің Жалғыз акционеріне жіберілетін сұратуларға, хаттарға, сұрату жауаптарына, есептерге қол қоюға;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне жазылған жауаптарға қол қоюға;
- 5) Банктің орталық аппараты және филиалдары үшін орталықтандырылған тәртіпте жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу рәсімдеріне Тапсырыс беруші атынан қатысуға;
- 6) ақылы қызмет көрсету шарттарын жасауға, өзгертуге, бұзуға, сондай-ақ, жетекшілік етуші бөлімшелер бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-өткізу актілеріне қол қоюға (бекітуге); Сондай-ақ, Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің, Мемлекеттік бағдарламалар мен құрылыс жобаларын іске асыру департаментінің, Заң департаментінің ағымдағы мәселелері бойынша төмендегі құжаттарға қол қоюға:
  - 1) Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, мемлекеттік, соның ішінде, құқық қорғаушы органдары және мекемелердің, Банктің Жалғыз акционерінің сұратуларына, хаттарына, есептеріне, сұратуларына жауаптарға;
  - 2) кассациялық тәртіпте қайта қарауға жататын талап арыздарға, талап арыздарды толықтыруларға, талап арыздар туралы пікірлерге, апелляциялық шағымдарға және сот актілерін даулау туралы өтініштерге, бейбіт келісімге, делдалдық тәртіптегі дауларды (жанжал) туралы келісімдерге; сот отырысының хаттамасына ескертулерге; қайта ашылған немесе жаңа жағдайлар бойынша сот актілерін қайта қарау туралы өтініштерге; атқарушы құжаттарды жұмысқа қабылдау/пікірлер туралы сот орындаушыларына өтініштерге; атқарушы өндіріс мәселелері бойынша сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) немесе шешімдеріне шағымдарға; сотқа, соның ішінде, бейбіт келісімді бекіту туралы өтініштерге қол қоюға;

- 3) Банк қызметкерлеріне сенімхаттарға, сондай-ақ, Банкке ақылы қызмет көрсету шарты бойынша қызметтер көрсететін жеке тұлғаларға, Банктің мүддесін мемлекеттік, соның ішінде құқық қорғау органдарына және мекемелерге ұсынуға, жеке және заңды тұлғаларға қатысты бірінші, апелляциялық, кассациялық инстанциялар сотындағы ұсынуларға;
- 4) Банктің Орталық аппаратының қызметкерлеріне, филиалдардың директорларына тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтарға;
- 5) толық материалдық жауапкершілік туралы шарттарды;
- 6) Банкте тағылымдамадан, іс-тәжірибеден өту туралы шарттарға, қосымша келісімдерге және оларды бұзу туралы келісімдерге;
- 7) Қауіпсіздік департаменті, Ақпараттық технологиялар департаменті қызметкерлерінің бірқатар санаттары үшін ауысымдылық кестесіне қол қоюға;
Клиенттердің Банктегі ақшасына және басқа мүлкіне (құндылығына) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана тыйым салынуы және/немесе өндіріп алынуы мүмкін.

Банкке банк қызметіне қатысы жоқ немесе Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 8-бабының 9-тармағында, 30-бабының 12-тармағында көзделмеген банк қызметінің мәніне қатысы жоқ кәсіпкерлік қызмет ретіндегі операцияларды және мәмілелерді жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлердің ұлттық палатасына мүшелікті қоспағанда, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, жарғы капиталдарына немесе заңды тұлғалардың акцияларына қатысу үлестерін сатып алуға, коммерциялық емес ұйымдардың қызметін құруға және қатысуға және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» Заңының 8-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда бағалы қағаздармен мәмілелерді жүзеге асыруға тыйым салынады.

Банк қызметі маусымдық сипатқа ие емес.

## **2) эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:**

«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – еліміздегі тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін жүзеге асыратын бірден-бір банк. Тұрғын үй құрылысы жүйесінің жинақтары Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 7 желтоқсандағы №110 «Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы» Заңына және тұрғын үй құрылыс жинақтары туралы шарттың талаптарына сәйкес, салымшылардың ақшасын тұрғын үй құрылыс жинақтарына тартуға және тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған, оларға есептелген мемлекеттің сыйлықақысын және оларға тұрғын үй жинақтарын беру бойынша қаржыландыру жүйесінің тұйықталған шаралары.

2003 жылдың 10 шілдесінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік алды. Осы жылдың қыркүйек айында банктің филиал желісін дамыту және салымшыларды тұрғын үй құрылыс депозиттеріне тарту бойынша кең көлемді жұмыс атқарылды.

## **3) эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар:**

### **Оң ықпал ететін факторлар:**

- Бірегей өнімнің бар болуы (заем бойынша төменгі пайыздық мөлшерлемелер, жинаққа мемлекеттің сыйлықақысы).
- Банктің капиталында мемлекеттің қатысуы. Қаржы агенті мәртебесі.
- Мемлекеттің тұрғын үй құрылыс бағдарламаларын және басқа да арнайыландырылған жобаларды іске асыруға оператор ретінде Банктің қатысуы.

### **Теріс ықпал ететін факторлар:**

- Экономикалық белсенділіктің төмендеуі әсерінен қысқа мерзімді келешекте экономикалық өсімнің баялауы.

- Халықтың банк жүйесіне тұтастай сенбеуі.
- Ұлттық валютаның құнсыздануы. Халықтың құнсызданушылық күтімі.
- Халықтың депозиттер ішкі нарығында және ипотекалық нарығында ЕДБ арасындағы бәсекелестіктің өсуі.

**4) эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат:**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктік және басқа да операциялар және құнды қағаздар нарығында қызмет жасауға берген 2016 жылғы 20 маусымдағы № 1.2.42/41 мерзімсіз лицензиясы.

Жоғарыда көрсетілген лицензия келесілерді жүргізу құқығын береді:

**1. Ұлттық валютадағы банктік операциялар:**

- Тұрғын үй құрылыс жинағына салым (депозит) қабылдау, салымшылар шотын ашу және жүргізу;
- Тұрғын үй жағдайларын жақсарту шараларын жүргізуге салымшыларға тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй заемдарын беру;

**Ұлттық және шетелдік валютадағы банктік операциялар:**

- кассалық операциялар: ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, іріктеуді, орауды және сақтауды қоса алғанда, қолма қол ақша қабылдау және беру;
- аудару операциялары: төлем және ақша аудару бойынша жеке және заңды тұлғалардың тапсырмаларын орындау;
- шетелдік валютамен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
- заңды тұлғалардың банктік шотын ашу және жүргізу;

**ұлттық және шетелдік валютадағы басқа да операциялар:**

өзінің құнды қағаздарын шығару (акциялардан басқа).

**2. Құнды қағаздар нарығындағы қызмет:**

- Клиенттердің шотын жүргізу құқығынсыз құнды қағаздар нарығындағы дилерлік қызмет.

Эмитент зерттеулерге және өңдеулерге демеушілік еткен жоқ және оларға шығындалған жоқ.

**5) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі:**

Эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі 28,91%-ды құрайды.

Эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімі (жұмыстары, қызметтері) жоқ.

**б) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:**

Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту тәуекеліне қатысты сот процесі болған жоқ. Эмитенттен ақшалай және басқа да міндеттемелерді өндіріп алуға қатысты сот істері жоқ.

## **7) эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.**

Банк қызмет барысында әртүрлі тәуекелдермен кездеседі және тәуекелдерді анықтауға, бағалауға, бақылауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін икемді тәуекелдерді басқару саясатын жүргізеді. Банкте бағалаудың заманауи тәсілдеріне және туындаған тәуекелдердің деңгейін бақылауға негізделген тәуекелдерді басқару жүйесі құрылған. Тәуекелдерді бақылау рәсімдерін, сонымен қатар, оларды бағалау үлгісі әзірленіп, енгізілді. Тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында, Банкте тәуекел-менеджменті бөлімі жұмыс істейді.

### **Қаржы тәуекелдері**

Банктің қаржы құралдары қоржынындағы қаржы тәуекелдері тәуекелдерге ұшыраған лимиттер жүйесі және активтерді талдау арқылы бақыланады. Лимиттер бизнес бағыттары және операция түрлері бойынша бөлінеді. Банк қолданатын қаржы тәуекелдерін (кредиттік, нарықтық, операциялық, өтемпаздық тәуекелі) өлшеу әдістері қаржы тәуекелдерінің біріктірілген көрсеткіштерін алуға мүмкіндік береді.

Қаржы тәуекелдерін бағалау және бағалау VaR әдістемесі арқылы жеке құралдың және тұтас қоржынның шамасында жүргізіледі. Қаржы тәуекелдері әсерінен болуы мүмкін шығынға қарсы қорда сақталған экономикалық капиталдың көлемі есептеледі.

Өтемпаздықты басқару мақсатында максималды өтемпаздыққа жету үшін қаржы көздерін әртараптандыруды ескеретін өтемпаздық тәуекелін басқару саясаты анықталды. Банк өтемпаздықтың деңгейін оңтайландыру үшін жыл сайын жиынтықты өтемпаздықтың максималды алшақтығына лимит белгілейді.

Ұлттық валютаның құнсыздануына байланысты тәуекелдер Банктің табысына тікелей әсер етпейді, себебі сол сәтте Банк, жасалған әкімшілік-шаруашылық шарттары бойынша міндеттемелерді орындау аясында шетел валюталарын сатып алуды қоспағанда, шетел валюталарымен операциялар жүргізбейді.

### **Операциялық тәуекелдер**

Операциялық тәуекел – сәйкес емес немесе жеткіліксіз ішкі үдерістер, адами ресурстар және жүйелер немесе сыртқы жағдайлар, сондай-ақ, заңды тәуекелдер (стратегиялық және беделді жоғалту тәуекелін қоспағанда), әсерінен жоғалту мүмкіндігінің болуы.

Банктің өз капиталын және орнықты жұмысын сақтауды қамтамасыз етуді Банк үшін операциялық тәуекелді тиімді деңгейде қолдау мақсатында операциялық тәуекелдерді басқаруға байланысты саясат әзірленді. Саясатта операциялық тәуекелдерді басқару мақсаты және қағидасы ашылып көрсетіледі, олардың толық жіктелуі, операциялық тәуекелдерді басқарудың ұйымдық құрылымы қарастырылған.

Операциялық тәуекелдерді басқару келесі негізгі кезеңдерден тұратын Банкте үздіксіз жұмыс істейтін басқару үдерісін білдіреді:

- Банктің бизнес-үдерістері тәуекелдің қай түріне неғұрлым ұшырауын анықтау барысы - бизнес-үдерістерді жүзеге асыруға тиісті тәуекелдерді анықтау және сәйкестендіру;
- Операциялық тәуекелді бағалау – оны барынша азайтудың тиісті шаралары жаппаған кезде тәуекелді жүзеге асыру жағдайда мүмкін болатын шығын деңгейін анықтау;
- Операциялық тәуекелді азайту – шығын мүмкіндігін азайту үшін шаралар қолдану, сондай-ақ, тәуекелді жүзеге асыру салдырын азайту. Көрсетілген әрекеттер тәуекелді жүзеге асыру кезінде және одан кейін келтірілген шығындарға дейін қолданылуы мүмкін;
- операциялық тәуекелдер мониторингі және кемшіліктерді түзеу;
- белгіленген ережелердің және рәсімдердің сақталуын бақылау.



## **Кредиттік тәуекелдер**

Банкте кредиттік тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің болуы екінші деңгейлі банктер арасында ең үздік көрсеткіштердің бірі кредит қоржынының сапасын сақтауға мүмкіндік береді. Кредит қоржынының сапасын қадағалауға байланысты жүйе өзіне келесі шараларды қосады:

- кредит тәуекелдерін тұрақты бағалау және мониторинг, сондай-ақ, осы үдерістерді жетілдіруге байланысты шаралар;

- Банктің заемшыларына және кепілді қамтамасыз етуге ұсынылған заем бойынша ішкі кредиттік талаптар жүйесін жетілдіру;

- Кредиттеудің және кепілмен қамтамасыз ету жекелеген түрлерінің өнімдері бойынша байланысқан топтар қауымына, сондай-ақ, Банктің кредиттік алқалы органдарының өкілеттіліктерінің деңгейіне орнатылған кредиттік тәуекелдер лимитін есептеу және анықтау;

- Банктің проблемалы активтерін басқару рәсімдерін, сотқа дейінгі және сот кезіндегі өндіріп алу рәсімдерін жетілдіру.

Барлық қарастырылған жобалар және қолданыстағы заемдар кредиттік тәуекелдерді анықтаудың орталық сараптамасынан өтеді, тәуекел деңгейін төмендетуге байланысты шаралар ұсынылады.

Кепілмен қамтамасыз етуге қатысты қамтамасыз етудің сапасына және жеткіліктілігіне қатаң түрде әртарапандырылған тәсіл қолданылады. Кепілмен қамтамасыз етудің рыноктағы бағасын растау ұдайы жүргізіледі. Тәуекел-менеджментінің бөлімшесімен Қазақстан Республикасының барлық өңірлері бойынша жылжымайтын мүлік нарығының үрдісіне бағалық талдау, сондай-ақ, кепіл қоржынының құрылымына талдау жүргізеді.

Бұл жүйе заемның әрі қарай даму динамикасын ерте сатыда анықтауға және шығынның тиімді деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

## **Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері**

Ақпараттық технологиялар тәуекелдерін, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін төмендету мақсатында, сондай-ақ, Банк қызметінің үздіксіздігін басқару мақсатында және тиісті жүйелер үнемі жетілдіріліп отырады және бар.

Ақпараттық технология қауіпсіздігі – Банктің қызметкерлері және (немесе) үшінші тұлғалар тарапынан әдейі бүлдіру әрекетінен болған Банктің ақпараттық активтерінің құпиялылығының және қол жетімділігінің, тұтастылығының бұзылуы салдарынан шығындар келу ықтималдығы.

Ақпараттық технология тәуекелдері – Банктің ақпараттық технолоияны әзірлеуіне және пайдалануына байланысты үдерістерінің қанағаттандырылмайтын құрылымдар әрекетінен шығындар келу ықтималдығы.

## **Көрсетілетін қызметтердің бәсекелесу қабілетіне байланысты тәуекелдер**

Банк, басқа да қазақстандық банктер секілді, жергілікті банктермен де, шетелдік банктермен де бәсекеге түседі. Сонымен қатар Банктің ресурстық базасы құнының төмендігі, жоғарғы капиталдандыру, мемлекеттің қолдауы секілді бірқатар артықшылықтары бар. Бұл жағдайлар Қазақстанның банк саласында табысты түрде бәсекеге түсуге мүмкіндік береді. Басқа банктермен бәсекені ескерсек, Банк клиенттерді сапалы қызметтермен қамтамасыз етуші жаңа банктік технологияларды енгізілуде.

## **Саяси және құқықтық тәуекелдер**

Құнды қағаздардың кез келген шығырылымы кезінде еліміздегі саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты тәуекелдер бар. Дегенмен, Қазақстан тәуелсіз және демократиялық мемлекет. Бұл еліміздің экономикасына және саяси ахуалға оң ықпалын тигізіп отыр. Халықаралық шиеленістерге қарамастан, Республика Үкіметі саяси және ұлтаралық тұрақтылықты қолдап келеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы – белгіленген тәртіпте қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы - рыноктық ахуалда ұдайы дамып келе жатқан қоғамдық қатынастарды оңтайлы реттеуге тиісті үнемі қайта құру үдерісі үстінде. Заңнама

өзгерісінің тәуекелі Банк тарапынан бақылауға бағынбайтын объективті тәуекелдер санатына жатады. Дейтұрғанмен, Банктің білікті қызметкерлері Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығының сарапшылары ретінде нормативтік құқықтық актілер жобасын әзірлеу және келісу үдерісіне қатысып жүр. Бұл қауымдастық қаржы нарығы субъектілерінің қызметін реттеуге байланысты мәселелер бойынша әртүрлі мемлекеттік органдармен және мекемелермен тығыз ынтымақтастық жасайды.

### **Әлеуметтік тәуекелдер**

Банктер арасындағы қатаң бәсеке жағдайында, Банктің білікті қызметкерлерінің әлеуметтік мәртебесін қолдау және арттыру – Банктің дамуының және бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторларының бірі. Банк қызметкерлерін материалдық және моральдық ынталандыру жүйесі ұдайы жетілдіріліп келеді. Олардың біліктілігін арттыру жұмыстары жасалынып келеді.

Банк қызметкерлері үшін әлеуметтік қолдаудың тартымды талаптарын ескерсек, кадрларды дайындауға және оқытуға елеулі қаржы бөліп отырған Банк үшін әлеуметтік тәуекел барынша аз.

**13. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын көлемде эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.**

Эмитенттің өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын көлемде тауарларды (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілері жоқ.

#### 4-тарау.

##### 4 - Тарау. Эмитенттің қаржылық жай-күйі

Аудитор «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС ешқандай рәсім жүргізген жоқ және осы Облигациялық бағдарламаның проспектісіне қосымшаланған 30 қыркүйек және 2017 жылдың 9 айы үшін қаржылық ақпараттарға қатысты берілген нәтижелердің нақтылығы туралы ешқандай пікір білдірген жоқ. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС осы қаржылық ақпараттарды жауапкершілігіне алмайды және оған кез-келген қатысушылығын теріске шығарады.

##### **14. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.**

«Клиенттерге кредиттер және аванстар» балансы бабы эмитент активтерінің жалпы көлемінің 58 пайызын құрайды.

Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын активтердің атауы	Эмитент активтерінің жалпы көлемінің пайызы	Активтік баланстық құны, мың теңге
Клиенттерге кредиттер және аванстар (қорды шегергенге дейін)	58%	411 827 102
<i>соның ішінде:</i>		
Аралық тұрғын үй заемдары	26%	188 506 926
Тұрғын үй заемдары	19%	135 097 138

«Сату үшін қолда бар инвестициялық құнды қағаздар» балансы бабы эмитент активтерінің жалпы көлемінің 26 пайызын құрайды.

Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын активтердің атауы	Эмитент активтерінің жалпы көлемінің пайызы	Активтік баланстық құны, мың теңге
Сату үшін қолда бар инвестициялық құнды қағаздар	26%	182 610 403
<i>соның ішінде:</i>		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік құнды қағаздары	19%	137 406 730

«Өтегенге дейінгі ұсталатын инвестициялық құнды қағаздар» балансы бабы эмитент активтерінің жалпы көлемінің 11 пайызын құрайды.

Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын активтердің атауы	Эмитент активтерінің жалпы көлемінің пайызы	Активтік баланстық құны, мың теңге
Өтегенге дейінгі ұсталатын инвестициялық құнды қағаздар	11%	77 863 603
<i>соның ішінде:</i>		
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нотасы	10%	72 591 885

##### **15. Эмитент активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек:**

1) эмитенттің алдындағы берешегі эмитент активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитент дебиторларының атауы;

2) тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.

Эмитент міндеттемелері Эмитентте активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешегі жоқ.

16. Эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері:

1) эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын активтердің тиісті құнын көрсете отырып, эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын эмитент активтерінің атауы;

2) бағалаушының атауы, әрбір осындай активті бағалау күні;

3) тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күн.

Эмитент міндеттерін қамтамасыз ететін эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын активтері Эмитентте жоқ.

17. Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын, сенімгерлік басқаруға берілген эмитенттің активтері:

1) сенімгерлік басқаруға берілген активтердің тиісті құнын көрсете отырып, сенімгерлік басқаруға берілген эмитент активтерінің атауы;

2) бағалаушының атауы, әрбір осындай активті бағалау күні;

3) тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күн.

Эмитент міндеттерін қамтамасыз ететін эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан да көп пайызын құрайтын активтері Эмитентте жоқ.

18. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

«Клиенттердің қаражаттары» балансы бабы эмитент активтерінің жалпы көлемінің 86 пайызын құрайды.

Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі	Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының пайызы	кредиторлық берешектің баланстық құны, мың теңге
Клиенттердің қаражаттары	86%	490 163 906
<i>Соның ішінде:</i>		
Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары	61%	349 753 179
Берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде клиенттердің ұсталған қаражаттары	24%	135 769 268

**1) эмитенттің кредиторларының атауы:**

«Заемды қаражаттар» балансы бабы эмитент міндеттемелерінің жалпы көлемінің 12 пайызын құрайды.

Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі	Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының пайызы	кредиторлық берешектің баланстық құны, мың теңге
Заемды қаражаттар	12%	69 722 724
<i>Соның ішінде:</i>		
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	6%	33 645 349
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	5%	30 429 946

**2) тиісті өтелетін сомалар (жуырдағы 12 (он екі) ай ішінде тоқсан сайын бөлінеді, қалған сомалар өтеу күнін көрсетумен жылдар бойынша бөлумен көрсетіледі) және оларды өтеу мерзімдері.**

**Тоқсан сайын бөліну:**

Эмитент кредиторының атауы	4 тоқсан 2017ж. мың теңге	1 тоқсан 2018ж. мың теңге	Кредиторлық берешектерді өтеу күні
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	% - 32 533		25.12.2017
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі		% - 13 333	28.02.2018
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі		% - 6 300	28.02.2018
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	% - 60 416		02.12.2017
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	% -50 965		30.11.2017

**Жылдар бойынша бөлу:**

Эмитент кредиторының атауы	Жылдар бойынша өтеу мерзімі, өтеу күнін көрсете отырып	Жылдар бойынша бөлумен өтеуге баланстық құны, мың теңге
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	01.10.2018	16 000 000
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	28.02.2018	13 333
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	01.12.2018	7 560 000
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	28.02.2018	6 300
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	18.07.2023	10 033 183
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	25.12.2017	32 533
<i>Барлығы:</i>		33 645 349
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	01.02.2019	8 594 613
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	01.08.2019	8 470 896

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	02.12.2017	60 416
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	30.01.2021	4 464 934
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	30.07.2021	4 381 803
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	30.11.2021	4 406 319
«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	30.11.2017	50 965
<i>Барлығы:</i>		<i>30 429 946</i>
<b>Барлығы:</b>		<b>64 075 295</b>

#### 19. Эмитент левереджінің шамасы.

Эмитенттің левередж шамасы соңғы әр аяқталған екі қаржы жылының соңғы күніндегі жағдай бойынша, сондай-ақ облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша не облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның қорытындылары бойынша эмитенттің қаржылық есептілігі проспектінің ажырамас бөлігі болса - облигациялар шығарылымын немесе облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру алдындағы соңғы тоқсанның алдындағы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі:

Көрсеткіштің атауы	31.12.2015	31.12.2016	2017ж. үшінші тоқсанының соңына 30.09.2017
Эмитенттің левереджінің шамасы	3,41	4,23	4,07

20. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы аяқталған қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза ағыны көрсетіледі.

Көрсеткіштердің атауы	31.12.2016, мың теңге
Операциялық қызметтен алынған таза ақшалай қаражаттар:	74 668 814
Инвестициялық қызметке қолданылған таза ақшалай қаражаттар	(51 498 322)
Қаржылық қызметтерден алынған ақшалай қаражаттар:	22 000 000
Валюталық бағамдар өзгеруінің ақшалай қаражаттарға және олардың баламаларына әсер етуі	(3 996)
Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының таза (жылыстауы)/өсуі	45 166 496
Есептік кезеңнің басындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	35 430 300
<b>Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражаттар және олардың баламалары</b>	<b>80 596 796</b>

#### 5-тарау. Облигациялар шығару туралы мәліметтер

##### 21. Облигациялар шығару туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі;

2) бір облигацияның номиналдық құны (егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

3) облигациялардың саны;

4) облигациялар шығарылымның жалпы көлемі;

5) облигациялар бойынша сыйақы:

облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болса, онда облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі);

облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн;

сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;

облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі;

6) номиналды күн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы;

7) облигациялар орналастыруды бастау күні және аяқтау күні;

8) облигациялар айналысының басталу күні және облигациялардың айналыс мерзімі;

9) облигациялар айналысы жоспарланатын рынок (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы);

10) орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі;

11) облигацияларды өтеу тәртібі:

облигацияларды өтеу күні;

облигацияларды өтеу талаптары;

облигацияларды өтеу тәсілі;

12) осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі;

13) облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигацияларды шығару кезінде):

қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы;

қамтамасыз етілген облигациялар шығарылған жағдайда - кепіл заты, оның құны және кепіл затын өндіріп алу тәртібі;

облигацияларды қамтамасыз ету туралы шарттың талаптары;

атауын, орналасқан жерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген екінші деңгейдегі банктің деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе);

14) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.

22. Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.

23. Айырбасталатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі:

1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар;

2) облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталатын болса, айырбастаудың аяқталу күнінен бастап үш ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен айырбасталмайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі).

24. Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:

1) облигациялар ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы;

2) облигациялар ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

25. Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық және қысқаша атауы;

2) төлем агентінің орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

26. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету жөніндегі міндеті белгіленген болса, онда осы тармақта мыналар ашып көрсетіледі:

1) облигациялардың қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның толық және қысқаша атауы;

2) эмитент облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондары;

3) эмитенттің оның облигацияларының қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі және болуы мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсететін тұлғамен жасасқан шартының күні мен нөмірі.

27. Облигациямен оны ұстаушыға берілетін құқықтар, оның ішінде:

1) облигациялар шығару проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша тіркелген пайыз не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы;

2) осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;

3) егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықпен жүргізілетін болса, осы құқықтың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықты бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың біреуге өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамалары.

28. Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

1) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі;



2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары;

3) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберу тәртібі, мерзімі мен тәсілдері;

4) эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалармен шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі (осындай тұлғалар болса).

29. Егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік беретін болса - опцион жасау талаптарын көрсете отырып, опциондар туралы ақпарат.

30. Эмитенттің облигацияларды өтеу сәтіне дейінгі әрбір сыйақы төлеу кезеңінің бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.

31. Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигациялар шығару кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе).

Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кездегі эмитенттің және облигациялар ұстаушының әрекет ету тәртібі.

32. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:

1) эмитенттің облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдалану мақсаттары және тәртібі;

2) осындай өзгерістерді көрсете отырып, алынған ақшаны бөлуді жоспарлау кезіндегі ықтимал өзгерістер пайда болған кездегі талаптар;

3) инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметіне онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.

33. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері;

2) облигацияларды орналастыру нәтижесінде арнайы қаржы компаниясы алған ақшаның жұмсалыу мақсаты;

3) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иегерінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі;

4) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру және активтерді инвестициялық басқару мәмілесіне қызмет көрсетуге байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі.

34. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритизация кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

- 1) оригиналатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері;
  - 2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригиналатордың қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері;
  - 3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі;
  - 4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі;
  - 5) секьюритилендіру мәмілесі бойынша қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар және оларға сәйкес арнайы қаржы компаниясы осы шығыстарды бөлінген активтерден шегеруге құқылы талаптар;
  - 6) оригиналатордың және секьюритилендіру мәмілесіне қатысатын тұлғалардың секьюритилендіруді қолдану тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер;
  - 7) секьюритилендіру мәмілесін қамтамасыз ететін бөлінген активтер өсімінің мөлшері, құрамы мен болжамдық талдауы;
  - 8) қосымша қамтамасыз ету туралы мәліметтер;
  - 9) егер эмитент органының шешімімен осы облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, облигацияларды сатып алу құқығы сатып алу тәртібі, талаптары мен мерзімдері;
  - 10) талап ету құқықтары біртектілігінің критерийлері;
  - 11) облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған әр түрлі шығарылымдар облигацияларын өтеу кезектілігі.
35. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы қосымшаның 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33 және 34-тармақтары толтырылмайды.

#### **6-тарау. Инвесторлар үшін ақпарат**

**36. Облигациялар шығару проспектісінде (облигациялық бағдарлама проспектісінде) инвесторлар үшін мынадай ақпарат көрсетіледі:**

**1) облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейін эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары туралы мәліметтер:**

Эмитент облигациялар шығарған жоқ.

әрбір шығарылымның борыштық бағалы қағаздарының жалпы саны, түрі және номиналды құны, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымының мемлекеттік тіркелу нөмірі және мемлекеттік тіркелу күні, әрбір шығарылым бойынша орналастырылған борыштық бағалы қағаздардың саны, сондай-ақ борыштық бағалы қағаздарды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі, борыштық бағалы қағаздардың әрбір шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақының сомасы, оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған борыштық бағалы қағаздардың саны:

Эмитент облигациялар шығарған жоқ.

орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және осылардың орындалу мерзімінің өтіп кету мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздар ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), акциялар бойынша дивидендтер төлемеу (төлеуді кешіктіру), бағалы қағаздар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақылар сомасы (түрлері мен шығарылымдары бойынша жеке-жеке):

Эмитенттің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу (төлеуді кешіктіру) болған жоқ.

Эмитент жай акциялардан басқа бағалы қағаздарды шығарған жоқ.

**егер қандай да бір бағалы қағаздар шығарылымы тоқтатылған немесе шығарылмаған болып танылған не жойылған жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, олардың қабылдану негіздемесі мен күні көрсетіледі:**

Эмитентте көрсетілген жағдайлар болған жоқ.

**сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, эмитенттің бағалы қағаздары айналыста болатын рыноктар:**

Эмитенттің бағалы қағаздары (жай акциялары) рынокта айнамайды.

**бұдан бұрын шығарылған, айналыстағы облигациялардың әрбір түрімен оларды ұстаушыларға берілетін құқықтар, оның ішінде ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:**

Эмитент бұрын облигация шығарған жоқ.

**2) эмитент жарғысының көшірмелерін, облигациялар шығару проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), көрсетілген құжаттарға енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге танысу үшін алатын орын:**

Эмитенттің және оның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Абылай хан даңғылы, 91, пошталық индексі А05А2Х0.

**3) эмитенттің жарғысына сәйкес эмитенттің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары:**

Банк акционерлеріне Банк қызметі туралы ақпаратты жазбаша беруге міндетті, сонымен бірге, оны Банктің [www.hcsbk.kz](http://www.hcsbk.kz) сайтына жариялау арқылы.

**4) тиісті аккредиттелген кәсіптік аудиторлық ұйымдарға тиесілілігін көрсете отырып, соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін эмитенттің қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асырған (жүзеге асырып отырған) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):**

«ПрайсуотерхаусКуперс» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізген Банктің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылына (2015 және 2016 жылдар) қаржылық есептілік аудит

Аудиторлық ұйымның толық ресми атауы	Эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржылық жылына қаржылық есептілік аудитті жүргізген (жүзеге асырған) тұлғаның Тегі, аты, әкесінің аты	Указание принадлежности к соответствующим аккредитованным профессиональным аудиторским организациям
«ПрайсуотерхаусКуперс» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 21.10.1999ж. №0000005 Мемлекеттік бас лицензиясы)	Инкарбекова Дана, Басқарушы директор (2015, 2016жж.)  Целински Адам, Аудит бойынша тапсырма басшысы, Аудиторлық қызмет серіктесі (2016ж.)  Дерек Кларк, Аудит бойынша серіктес (2015ж.)  Ахметова Айгуль, Аудитор-орындаушы (2015, 2016жж.)	«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-сі Кәсіби аудиторлық ұйымы «Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасының» қауымдастырылған мүшесі болып табылады.

5) эмитенттің облигациялар шығаруға және оларға қызмет көрсетуге шығындарының сомасы, сондай-ақ бұл шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

Облигациялар шығарылымын ұйымдастыруға кеткен шығындарды эмитент өзі төлейді.

Шығындар	Есеп базасы
Борышқорлық бағалы қағаздарды биржаның ресми тізіміне енгізу туралы алдын ала қорытындыны бергені үшін листинг алымы	100-еселенген АЕК мөлшері
Борышқорлық бағалы қағаздарды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу туралы өтінішті қарастырғаны үшін листинг алымы	Борышқорлық бағалы қағаздардың жиынтықты номиналды бағасынан - 0,025% Минималды 100-еселенген АЕК мөлшері, Максималды 1 000-еселенген АЕК мөлшері
Бағалы қағаздарды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізгені үшін листинг алымы (бастапқы)	Борышқорлық бағалы қағаздардың жиынтықты номиналды бағасынан - 0,025% Кіру листинг алымының Минималды мөлшері 100-еселенген АЕК-ті құрайды, Максималды 3 000-еселенген АЕК мөлшері
Бағалы қағаздар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізімінде болған жағдайда листинг алымы (жыл сайынғы)	Жыл сайын шығарылым көлемінің 0,025%, бірақ, 100-еселенген АЕК мөлшерінен аз емес, 2000-еселенген АЕК мөлшерінен көп емес
Қаржы кеңесшісінің қызметтері	Шарт арқылы анықталады
Андеррайтер қызметтері	Шарт арқылы анықталады
Облигациялар ұстаушылар өкілінің қызметтері	Шарт арқылы анықталады
Тіркеушінің қызметтері	Тіркеуші тарифтеріне сәйкес

37. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 20, 25, 26 және 36-тармақтарын толтырмайды.

Эмитент тұрақтандырушы банк болып табылмайды.

Басқарма Төрайымы

Бас бухгалтер



Ибрагимова Л.Е.

Кисина Г.К.

